

Көлік құралдарын лизингтік негізде беруді ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 1 қазан N 1200

Қалалық жолаушылар көлігін жаңалау және Шымкент автобус құрастыру заводында өз автобустарын шығаруды қолдау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Отандық өндірістегі автобустар мен троллейбустарды лизингтік негізде беруді басым бағытта ұйымдастыруды айқындасын және лизинг берушінің функциясы "Желдірме" компаниясы" акционерлік қоғамына (келісімі бойынша) жүктелсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1997 жылға арналған республикалық бюджет жобасында Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкіне қайтарымды негізде жыл сайын 20 проценттен қайтарылатын етіп 5 жылға 200 млн. теңге кредит ресурстарын бөлсін.

3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі:

"Желдірме" компаниясы" акционерлік қоғамымен бірлесіп Жамбыл және Шымкент қалаларының автобус кәсіпорындарымен лизинг бойынша автобустар мен троллейбустарды олардың құнының 20 процентін алдын-ала төлеу арқылы және қалған бөлігін жыл сайынғы 20 проценттен кепілді

түрде қайтаруға шарт жасассын;

200 млн. теңге сомасындағы кредитті республикалық бюджетке жыл сайын 20 проценттен уақтылы қайтаруды қамтамасыз етсін;

"Желдірме" компаниясы" акционерлік қоғамына 1996 жылы лизинг ұйымдастыруға өзінің қаржы көзінен кредит беру мүмкіндігін қарастырсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

